



**М. Дулатұлының 140-жылдығына арналған
«Қазақ үшін шам қылған жүрек майын» атты республикалық
жыршы-термешілер байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Байқаудың мақсаты

Терме жанрын насихаттау, атадан мұра болып қалған рухани құндылығымызды шебер орындайтын термешілерді анықтау мақсатында Тобыл-Торғай өңірінен шыққан сазгерлер мен ақындардың шығармаларына арналған жыр додасын алаш қайраткері – Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арнап өткізуді мақсат етіп отырмыз.

Ұйымдастырушылар

- «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» ММ;
- «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК.

Өткізілу мерзімі

2025 жылғы 21 қыркүйекте өтеді.

Байқау шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар

- Байқауға Республика бойынша әр облыстан үміткерлер қатыса алады;
- Байқауға қатысу жас ерекшеліктері: 20 – 40 жас аралығы;
- Байқау жеке орындаушылар арасында өтеді.
- М.Дулатұлының өлеңдерін өз таңдауы бойынша жыр – терме мақамдарымен орындайды;
- Шығарма міндетті түрде домбыра, қобыз немесе сырнаймен орындалуы тиіс (*эстрадалық жанр қабылданбайды*);
- Қатысушылардың сахнаға сай ұлттық киіммен шығуы басты назарға алынады;

Байқаудың өткізілу сипаты:

1. Орындалатын бірінші шығарма міндетті түрде М.Дулатовтың шығармасы болуы қажет;
2. Орындалатын екінші шығарма – қатысушының таңдауы бойынша Нұрхан Ахметбеков, Нұржан Наушабайұлы, Сәт Есенбайұлы тағы да басқа Тобыл-Торғай өңірінен шыққан сазгерлердің шығармаларын орындауы шарт; (уақыты 5-7 минут)

Бағалау өлшемдері

- Шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- Орындаушылық шеберлігі, мәнерлігі, дауысының кеңдігі;
- Шығарманы ұлттық киімде орындау;

Байқау жүлделері

Бас жүлде (біреу)

I орын (біреу)

II орын (біреу)

III орын (біреу)

Байқаудағы қазылар құрамы

- Байқауды кәсіби дәстүрлі ән, терме орындаушылары бағалайды;
- Қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді;
- Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

Үміткерлердің тапсыратын құжаттары

1. Өтініш (қатысушының репертуары, авторларының аты-жөні толық жазылуы тиіс үміткердің ұялы телефон номері, электронды адресі);
2. Жеке куәлігі құжатының көшірмесі;
3. Шығармашылық өмірбаяны;
4. 12 x 15 сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті;
5. Орындайтын шығарманың мәтіні (**14 шрифта**) және авторы.

Қатысушылардың өтінімдері 2025 жылдың тамыз айының 22 күні сағат 17:00-ге дейін мына hsb@ocsnt.kz электронды мекен-жай бойынша қабылданады: (электронды хаттың тақырыбында міндетті түрде Республикалық термешілер байқауына деп көрсетілуі керек)

Мекен-жайы: Қостанай қаласы, Лермонтов көшесі 15,

8 (7142) 56-04-29

Өтінім үлгісі

№	Аудан, қала атауы. Жұмыс орны	Қатысушының аты-жөні	Орындалатын шығарманың атауы мен авторы	Қатысушының байланыс ұялы телефоны